

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

**Пәні: Музыканы компьютермен өңдеу
«Finale» ноталық редакторымен жұмыс**

Оқытушы: п.ғ.к., доцент


Кисметов Қуаныш Лабибович

1- Дәріс. Бағдарламаны қалыптастыру, жұмыс мүкіндіктерімен танысу.




«Финал» бағдарламасын ашып, алдағы жұмысқа қажетті музыкалық шығарма партитурасын дайындау барысындағы іс қимылдар

Компьютердің жұмыс стөліндегі «Финал» эмблемасын компьютер «тышқанының» сол жағымен екі рет жылдам басып немесе эмблеманы «тышқанмен» белгілеп клавиатурадағы «Enter» кнопкасын басып бағдарламаны ашуға болады. Бағдарламаны ашқан мезетте «оқыту» («обучение») сілтемесі шығады, ол сілтемені «қазір емес» («не сейчас») деп жабу керек (бұл оқыту сілтемесі бойынша үйрену тиімсіз екендігін еске саламыз).




Бірінші суретте көрсетілгендей шығарманың атауы мен авторлар жайлы деректерді жазбай ақ «әрі қарай» («далее») кнопкасын басуға болады. Ал егер, суретте көрсетілгендей шығарма туралы деректер жазылатын болса дайындаған партитурадағы жазылым орындарында түсініксіз шрифтпен жазылған мәтіндер шығады. Оларды жөндеу машықтары алдымызда әңгіме болады. Шығарма туралы деректерді жазу амалдары **«Партитураға сөздік мәтіндер жазу»** тақырыбында толық көрсетіледі.


Келесі сілтемеде болашақ жұмысқа қажетті музыкалық шығарма партитурасына қандай аспаптар қажет екендігін көрсетіп, музыка жанрының кез келген партитурасын (шаблондарын) әзірлеу машықтары белгіленген. Сілтеменің сол жағындағы бірінші бөлімде аспап түрлерінің топтық атаулары, ал екінші бөлімінде сол топтағы жеке аспаптар көрсетілген. Қажетті аспапты компьютер «тышқанының» сол жағымен белгілеп, жылдам екі рет немесе «қосу» («добавить») кнопкасын басу қажет. Алынған аспаптардың партитурада орналасу реттігін белгілеу үшін алынған аспаптың қажет түрін «тышқанмен» белгілеп, сілтеменің оң жақ шетінде көрсетілген төмен немесе жоғары орналастыру кнопкасын басу керек. Қажет партитура аспаптарын алған соң «әрі қарай» («далее») кнопкасын басасыз.




Жаңа сілтеме музыкалық шығарманың өлшемдері мен тональнісін белгілеу машықтарына арналған.



Сілтеменің жоғары жағында көрсетілген қажет өлшем түрін «тышқанның» сол жағымен белгілеп алып, шығарманың кілттік белгілері көрсетілген бөлімнің оң жағында орналасқан кішкене төмен және жоғары басуға арналған кнопкаларды басу арқылы кілттік белгілер алуға болады. Жоғарғы кнопка «диез» белгілерін, ал төменгі кнопка «бемоль» белгілерін алуға арналған. Кілттік белгілерді анықтаған соң шығарма тональнісі «мажор» немесе «минор» екендігін сілтеменің оң жағына таманғы анықтамадан алуға болады.



Шығарма өлшемдері сілтемеде көрсетілмеген жағдайларда сілтемедегі өлшем көрсету бөлімінің оң жағындағы екі сұрақ белгісі бар жерді «тышқанның» сол жағымен басып, басқа күрделі өлшемдер алуға болады. Жаңа сілтемеде көрсетілген өлшемдік топтарды тактіде көрсетілген ноталар сандары мен ұзақтықтарын сілтеменің оң жағындағы кнопкаларды жоғары немесе төмен басып өзгерту арқылы қажет өлшемдер алынады. Қажет жұмыстарды аяқтаған соң «әрі қарай» («далее») кнопкасын басасыз.



Келесі сілтемеде шығарманың жылдамдығын көрсету және ноталық мәтіннің екі түрлі шрифтері белгіленген, бірақ біз бұл машықтарды алдымыздағы басқа тақырыптық тарауларда толығымен көрсетіндігімізге байланысты әңгіме етпейміз. Әрі қарай **«дайын» («готово»)** кнопкасын басыңыз. Партитура бетіне шыққан сілтемедегі **«жабу» («закреть»)** кнопкасын басқаннан кейін қажетті партитура шығады.

**Бұл оқу дәрісі Раушанбек Салмановтың «Музыкалық компьютерлік технология»
оқу-әдістемелік құралы негізінде құрастырылды**

**1. [https://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1108651&simple
=true#](https://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1108651&simple=true#)**